«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 31 «А» шағын аудан, № 5 ғимарат тел./факс 8 (7292) 33-02-24

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Республика Казахстан, Мангистауская область, 130000, г Актау, 31 «А» микрорайон, здание № 5. тел./факс 8 (7292) 33-02-24

*№02-7/3280 от 19.08.2021 ж*

**«Бейнеугаз» ЖШС-не**

Қазақстан Республикасы қаржы министірлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі –Департамент)* 2021 жылғы 05 тамыздағы №117149, 117189 санды шағымдарыңыз бойынша №5999110-1 «Автокөлік ХҚКО аймағындағы қолданыстағы 4 Г-БТП-сы аумағында 10 кВ ТП-нің құрылысы» «ашық конкурсына камералдық бақылау жүргізілгенін каперінізге салады.

Камералдық бақылау нәтижесі бойынша Сіздің шағымыңызда көрсетілген дәлелдемелеріңіз расталмады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоксандағы № 648 бұйрығының *(бұдан әрі – Ереже)* 155 тармағына сәйкес егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер конкурс (лот) тәсілімен ***мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса***, осы өлшемнің конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері ***бес пайыздан аспайтыны*** көрсетілген.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттаманың 5 қосымшасына сәйкес жүзеге асырады» делінген.

Алайда, Сіздің веб-порталға ұсынған құжаттарыңызға камералдық бақылау жүргізу барысында анықталғаны, конкурстық комиссия мүшелері тарапынан Сіздің жұмыс өтіліңізге қатысты шарттың жеңілдік жоғарыда аталған Қағиданың 155-тармағында көрсетілген мемлекеттік сатып алуға бөлінген сома 200 айлық есептік көрсетікштен аспаған жағдайда тиісті жұмыс өтіліне 5 пайыз беретіні нақты көрсетілген.

Осыған орай, конкурстық комиссия мүшелері тарапынан берілген 5 пайыз бал негізді болып табылып, нәтижесінде заң бұзушылықтар деректері анықталған жоқ. Яғни шағымыңызда көрсетілген мәселер өз дәлелін тапқан жоқ.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабы 2 тармақшасына сай шағымыңыз мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғанын қаперіңізге саламыз.

Егер шағыммен келіспен, ҚР ӘРП Кодексінің 100-бабының 6-атрмағына сәйкес шағыммен келіспен жағдайда, жоғарғы тұрған органға немесе сотқа қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз ескертіледі.екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Сонымен бірге, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес, дауларды шешудің сотқа дейінгі процедурасы міндетті болып табылады

**Департамент башысының м.а** **Н.Анесов**

*Орын Е.Башагулов.*
*Тел 33-02-39.*